

Н. Асаубаев, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Б. Х. Құрманғалиева, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БӨЛІНІС АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТИЛЕРІ РЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы мен әкімшілік-аумақтық бөлініс заңды тұлға болып табылмағанымен азаматтық айналымда Азаматтық құқық қатынастарының қатысушылары ретінде көрінеді. Демек бұл субъектілер құқық және әрекет қабілеттілігіне ие болады, бірақ олар сипаты жағынан Азаматтық құқық қатынастары қатысушыларының өзге құқық субъектілерінен ерекшеленеді. Ондай ерекшеліктер мынадай: а) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы құқықтың басқа субъектілері орындауға міндетті Заңдарды қабылдау құқығын еншілейді; ә) Қазақстан Республикасы өзінің заңдарымен әр құқық субъектісінің өкілеттік көлемін белгілейді, өзгертеді, бұл орайда өзі үшін де өкілеттік көлемін айқындайды; б) Азаматтық құқық қатынастары қатысушыларының бірде бірі иелене алмайтын құқықтарды Қазақстан Республикасы еншілейді (мысалы, тек Қазақстан Республикасы ғана валюталық реттеудің құқықтық негіздерін белгілеуге құқылы және т. б.).

Мемлекеттің және оның әкімшілік-аумақтық бөліністерінің құқық қабілеттілігі өздерінің алдында тұрған міндеттермен тығыз байланысты. Оның құқық қабілеттілігінің әмбебап болуы да сондықтан дер едік, яғни ол жеке мүдде емес, қоғамдық мүддеге негізделетінін есте ұстаған жөн¹.

Азаматтық айналымда мемлекет атынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және билік органдары өзінің құзыреті шегінде әрекет ету құқығына ие болады. Заңда қаралған тәртіппен Қазақстан Республикасының арнайы тапсыруымен оның атынан басқа да мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар мен азаматтар әрекет ете алады. Жекешелендіру кезінде мемлекет дербес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ретінде кәсіпорынды тұтасымен, мемлекеттік акцияларының бумасын немесе таратылған кәсіпорынның мүлкін сатушы бола алады. Мұндай Азаматтық құқық қатынастарында мемлекеттің қатысуының ерекшеліктері жекешелендіру туралы заңмен айқындалады.

Қазақстан Республикасының қатысуымен болатын дауларды сот қарайды. Тараптардың қалауымен даулар аралық сотпен де қаралуы мүмкін.

Азаматтық кодекстің 111, 112-баптарына сәйкес мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөліністер Азаматтық заңмен реттелетін қатынастарға осы қатынастардың өзге қатысушыларымен тең негіздерде болады.

Азаматтық құқық қатынастарында әкімшілік-аумақтық бөліністің атынан заңмен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар ғана әрекет ете алады. Азаматтық айналымда әкімшілік-аумақтық бөліністің атынан құқықтық қатынасқа түсе алатын органдар қатарына бірінші кезекте мәслихаттар, әкім, әкімшілік, атқару билігінің аумақтық органдары жатады.

Азаматтық кодекстің 114-бабына сәйкес мемлекетке және әкімшілік-аумақтық бөліністерге заңды тұлғалардың Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастарға қатысуын анықтайтын нормалар, егер заң құжаттарынан өзгеше норма туындамайтын болса қолданылады.

Қазақстан Республикасы мен әкімшілік-аумақтық бөліністің алған міндеттемелері бойынша жауапкершілік.

Азаматтық құқықтың басқа да субъектілеріне тән Қазақстан Республикасы мен әкімшілік-аумақтық бөліністің міндеттемелері бойынша дербес мүлктік жауапкершілікті мойнына алатыны заңмен белгіленеді.

Олар бір-бірінің міндеттемелері бойынша, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғаларының міндеттемелері үшін жауап бермейді (АК-тің 113-бабының 2-тармағы). Бірақта бұл арада әкімшілік-аумақтық бөлініс немесе Заңды тұлғаның кепілдік (кепіл болушылық) арқылы алған міндеттемесіне, сондай-ақ аталған субъектілердің Қазақстан Республикасы

міндеттемелерін өздеріне кепілдік (кепіл болушылық) арқылы алуын (жоғарыда айтылғандай) қолданылмайды.

Заң Қазақстан Республикасы мен оның әкімшілік-аумақтық бөлінісінің құқық субъектілігінің ара жігін олардың азаматтық құқықтық жауапкершілігі негізіне сүйене отырып бөледі (АК-тің 113-бабы). Мәселен, Қазақстан Республикасы өз міндеттемелері бойынша мемлекеттік қазына мүлкімен, ал әкімшілік-аумақтық бөлініс жергілікті қазына мүлкімен жауап береді (АК-тің 113-бабы).

Мемлекет кінәларына қарамастан анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары лауазымды адамдарының азаматтарға немесе заңды тұлғаларға теріс әрекеттері арқылы келтірген зияны үшін жауап береді. Яғни заңсыз соттау, заңсыз қылмыстық жауапқа тарту, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алу, үйде қамауда ұстау, ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды заңсыз қолдану, қамау немесе еңбекпен түзеу түріндегі әкімшілік шараны заңсыз қолдану, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру салдарынан туындаған заңсыздық мемлекет жауапкершілігіне жатады. (АК-тің 923-бабы).

Мемлекеттің тағы бір жауапкершілігі Азаматтық кодекстің 9-бабының 5-тармағында қарастырылған. Атап айтқанда, мемлекеттік үкімет билігі органының, өзге де мемлекеттік органның заңға қайшы құжат шығаруы мен осы органдардың лауазымды адамдарының әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген залалды Қазақстан Республикасы немесе тиісінше әкімшілік-аумақтық бөлініс өтеуге тиіс.

¹ Төлеуғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Оқулық. — Алматы, 1999.